

Үкіметтік емес ұйымдарға арналған мемлекеттік гранттың 2024 жылға арналған басым бағытының тізбесі

№	Заңның 5-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік грант саласы	Мемлекеттік гранттың басым бағыты	Мәселенің қысқаша сипаттамасы	Қаржыландыру көлемі (мың теңге)	Грант түрі	Нысаналы индикатор	Материалдық-техникалық базаға қойылатын талаптар (ұзақ мерзімді гранттарды іске асыру кезінде ғана белгіленеді)
1.	Азаматтық қоғамды дамытуға, оның ішінде үкіметтік емес ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыруға жәрдемдесу	Ақтөбе облысының Азаматтық орталығының қызметін ұйымдастыру	Ақтөбе облысында 885 ҰЕҰ тіркелген, оның ішінде 150-ге жуық ҰЕҰ ғана белсенді, бүгінгі таңда жұмыс істемейтін немесе таралу сатысында тұрған (уақытша жұмысын тоқтатқан) ұйымдарды жабу мәселесі өзекті. Өңірдегі азаматтық қоғам институттарының қызметтерін насихаттау бойынша ақпараттық іс-шараларды өткізу қажеттілігі бар. Ауылда азаматтық бастамалардың дамуы төмен деңгейде. Ауылдық ҰЕҰ-дың мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясындағы жобаларға және гранттық жобаларға қатысуға деген белсенділігі аз. Белсенді жұмыс істейтін және өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі	7 600,0 мың теңге	1 қысқа мерзімді грант	<p><b>Нысаналы индикатор:</b> Ақтөбе облысының кемінде 250 үкіметтік емес ұйымын мемлекеттік қолдау туралы хабардарлықты арттыру</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> 1) ҰЕҰ үшін Ақтөбе облысында өңірлік ресурстық орталық ашу және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету; 2) Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысқа және гранттық қаржыландыруға өтінімдер дайындау, сыйлықақы алуға құжаттарды дайындау, жұмыс істемейтін және таралу сатысында тұрған ҰЕҰ жабу мәселелері бойынша өңірлік ресурстық орталықта кемінде 200 азаматтарға құқықтық, консультациялық көмек жүргізу (тіркеу журналын жүргізу);</p>	-

			<p>үлес қосып жүрген қоғамдық ұйымдарды тиісті деңгейде ынталандыру қажет.</p>		<p>3) ҮЕҰ-ға тарату және әлеуметтік желілерде орналастыру мақсатында төмендегі 3 бағыт бойынша 150 брошюра және 3 сапасы жоғары бейне нұсқаулық әзірлеу:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- <i>ҮЕҰ есептерін деректер базасына тапсыру бойынша (50 брошюра, 1 бейне нұсқаулық);</i></li> <li>- <i>Жұмыс істемейтін ҮЕҰ-ды жабу мәселесі бойынша (50 брошюра, 1 бейне нұсқаулық);</i></li> <li>- <i>Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстар мен гранттарға қатысу мәселесі бойынша және мемлекеттік сатып алу порталындағы жұмыс бойынша (50 брошюра, 1 бейне нұсқаулық).</i></li> </ul> <p>4) Білікті тренер мен «Ақтөбе облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті» РММ өкілін қатыстыра отырып, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында жүзеге асырылатын әлеуметтік жобаларға бағалау жүргізу, мемлекеттік сатып алу арқылы конкурс ойнату, веб-порталмен жұмыс, техникалық ерекшеліктерді сапалы әзірлеу мәселелері, сарапшылар кеңесін құру және т.б. бойынша мемлекеттік орган қызметкерлеріне және сарапшылар кеңесі мүшелеріне оқыту семинар өткізіледі;</p> <p>5) Спикерді тарта отырып кемінде 70 қатысушымен ҮЕҰ-дың өңірлік конференциясы</p>	
--	--	--	--	--	--	--

						<p>ұйымдастырылады, Ақтөбе облысының белсенді қоғамдық ұйымдар мен мемлекеттік қызметшілер марапатталады;</p> <p>б) Ақтөбе облысының кемінде 2 ауданында білікті тренерді тарта отырып, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстар мен гранттарға қатысу туралы кемінде 40 ауылдық ҮЕҰ-ға көшпелі оқыту ұйымдастыру;</p> <p>7) Азаматтық қоғам өкілдерінің қаржылық сауатылығын артыру мақсатында іс-шара өткізу.</p>	
2.	Қоғамдық келісімді және жалпыұлттық бірлікті нығайту	Ақтөбе облысында қоғамдық қарым-қатынас саласында медиацияны дамыту	<p>Мемлекет басшысы дауларды шешудің баламалы тәсілдерін, яғни мемлекеттің қатысуынсыз дамыту қажеттігі туралы үнемі айтып отырады. Мұндай институттар дамыған елдерде жақсы жұмыс істейді. АҚШ пен Сингапурда даулардың 90 %-ы соттан тыс шешіледі.</p> <p>Медиатор дауларды шешеді және түрлі салалардағы тараптарды бітімгершілікке келтіреді.</p> <p>Осыған орай, халықтың әр түрлі топтары арасында қоғамдық қарым-қатынас саласындағы кикілжіңдерді шешудегі медиацияның рөлі туралы және тұтынушылардың құқығын қорғау мәселелері бойынша хабардар етіп, ақпараттандыруды күшейту қажет.</p> <p>Бүгінгі таңда аудан орталықтарында жұмыс істеп тұрған Медиация</p>	5 500,0 мың теңге	1 қысқа мерзімді грант	<p><b>Нысаналы индикатор:</b> Жоба шеңберінде Ақтөбе облысының кемінде 150 тұрғыны қамтылады, ақпараттық қамту кемінде 10 мың қаралымды құрайды</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> 1) Қала және аудан орталықтарында жұмыс істеп тұрған медиация кабинеттерінің қызметін жетілдіру мақсатында сертификатталған тренерлерді тарта отырып, Ақтөбе қаласының және 12 ауданның кемінде 30 медиаторына арналған кемінде 2 күндік офлайн оқытуды ұйымдастыру; 2) Арнайы курстан өткен 2 этномедиаторды тарта отырып, азаматтық қоғам өкілдеріне және мемлекеттік органдарға 3 күндік этномедиация курсы ұйымдастыру (кемінде 40 қатысушы); 3) Сертификатталған тренерді</p>	-

			<p>кабинеттеріндегі медиаторлардың біліктілігін артыру қажет. Әр түрлі салалардағы даулардың, жанжалдардың көбеюін ескере отырып, мемлекеттік қызметкерлердің біліктілігін арттыру қажет.</p>			<p>тарта отырып, дау-дамайларды шешу және реттеу бойынша мемлекеттік қызметкерлерге кемінде 20 қатысушымен оқыту ұйымдастыру;</p> <p>4) Халықтың әртүрлі топтары арасындағы қоғамдық қатынастар саласындағы және тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша жанжалдарды шешудегі медиацияның рөлі туралы хабардар ету мақсатында білікті тренерді тарта отырып Ақтөбе облысының 2 ауданда семинар-тренинг өткізу;</p> <p>5) Қоғамдық қатынастар дауларын шешуде, тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелерінде және т.б. медиацияның рөлі туралы ақпарат дайындау және әлеуметтік желілерде орналастыру.</p>	
			<b>Барлығы 2024 жылға</b>	13 100,0 тенге			